

Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің
республикалық ғылыми-зерттеу орталығы

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Орталық Азия көшпелілерінің
дәстүрлі өркениетінің өркендеуі және күйреуі



Алматы 2016

IV ТОМ

арқылы жаппай отырықшыландыру сияқты саяси-шаруашылық науқандар тоталитарлық, әкімшіл-әміршіл жүйені орнықтырып, оның репрессивтік жазалау аппаратын мейлінше күшейтті.

Аграрлық реформалардың шаруаларға жасаған саяси-әлеуметтік ықпалының мәнін ашу арқылы 20-30 жылдары орын алған қасіретті құбылыстардың себептерін терең түсінуге мүмкіндік аларымыз анық. Өйткені, қазақ қоғамындағы таптық күрес, әлеуметтік жіктелу және саяси тартыстар көшпеліліктен отырықшылыққа, еркін шаруадан – колхозшыға айналған ауыл тұрғындарының саяси әлеуметтік болмысына ауыр із қалдырғанын талдауға мүмкіндік алдық. Сонымен қатар, ғылыми жоба Қазақстандағы тоталитарлық билік зардаптарын жан-жақты зерттеп, зерделеуге жол ашты.

Мәселенің жаңаша қойылуы сан алуан тың деректерді кең көлемде тауып, ғылыми айналымға енгізуді қажет ететіндігін ескерсек, аталған ғылыми жоба аясындағы ізденістер Қазақстан мен Ресей мұрағаттарында сақталған бірқатар деректерді ғылыми айналымға қосуға мүмкіндік берді. Ал, тоталитаризмнің: қалыптасқан ескі тәртіпті түбірімен жойып, жоққа шығаратын, орнына қоғамды түгел біріктіре алатын міндетті идеологияның болуы; бір ғана адамның (диктатор) басқаруындағы бір партия; режимнің «жауларына» ғана емес, партия басшылығы кімге көрсетсе соған бағытталған террористік бақылау; ақпарат құралдарының үстінен қатаң бақылау; әскери күштерге басшылық; экономиканы орталықтандырылған бюрократиялық тұрғыдан билеу сияқты ерекшеліктерінен шыға отырып түсіндірген тоталитарлық ілімдері кеңестік Қазақстан тарихында орын алған күштеу әдістеріне негізделген әкімшіл-әміршіл жүйе болғандығын айқын байқатты.

1930 жылдардағы мал шаруашылығын реформалау нәтижесі ашаршылыққа алып келіп, халық демографиялық дағдарысқа ұшырады. 30-шы жылдардағы ашаршылықтың халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайына кері әсері салдарынан қаза тапқандар саны жөнінде мұрағаттық құпия деректер қатары ғылыми сарапталды, ашаршылық қасіретіне ғалымдар арасында қалыптасқан әр қилы мәлімет пен деректерге салыстырмалы сараптау жасалынды. Дәстүрлі шаруашылықтың күйреуі мен ашаршылық қасіреті тақырыбы ғылыми нысанадан түспеген өзекті мәселелер қатарында қала береді және жалғасын табады.

Мазмұны

I. КӨШПЕЛІ ТҮРКІЛЕР ДҮНИЕТАНЫМЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАБИҒАТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ БАЙЛАНЫС ӘЛЕМІ	3
1.1. Ежелгі түркілер ділінің өзекті мәселелері, көшпелі қоғамдардың циклдық дамуындағы рухани дағдарыстар (мәдени-антропологиялық зерттеу) (<i>Нуртазина Н.</i>).....	3
1.2. Түркітілдес халықтардың мифологиясындағы әйел бейнесі (<i>Хабижанова Г.Б.</i>).....	19
1.3. Алтай тұрғындарының дәстүрлі дүниетанымындағы ағаш культі (<i>Тадышева Н.О.</i>).....	25
1.4. Қазақтардың тіршілік қамы жүйесіндегі су шығару және көтеру ісіне қатысты халықтық білімдер (<i>Картаева Т.Е.</i>).....	36
1.5. Түркі тайпалары мекен еткен территорияның табиғи ландшафты (VI-X ғғ.) (<i>Искакова Г.З.</i>).....	67
1.6. Үстірт шоқысындағы аңшы тұзақтары (<i>Оливье Барж, Жак-Эли Брошье, Жан-Марк Деом, Ренато Сала, Аркадий Караханян, Ара Авагян, Константин Плахов</i>).....	78
II. КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ ТАЙПАЛАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЫҚПАЛДАСТЫҚ	121
2.1. Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланыстары тарихнамасы (<i>Ногайбаева М.С.</i>).....	121
2.2. Еуразияның көшпелі империялары: тарихи тұжырымдар және кезкарастар (<i>Майданалі З.</i>).....	147
2.3. Көшпелілер тұрмысындағы ислам (қазақ қоғамы мысалында) (<i>Нуртазина Н.</i>).....	167

**III. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ
XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
ХАЛЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫН
ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖАҢА ҰСТАНЫМДАР 197**

- 3.1. Көшпелі халықтарға қатысты Ресей саясатын зерттеудегі қазіргі ұстанымдар (Әбділдабекова А.М.) 197
- 3.2. XIX–XX ғасыр басындағы Ресей империясының көшпелі халықтарының ғылыми зерттелуі хақынан (Удербоева С.К.) 208
- 3.3. XVIII-XIX ғғ. көшпелі халықтардың жерді пайдалануы және жер мәселесі: Ресей империясының саясаты (Султанғалиева Г.С.) 216
- 3.4. Ресей империясының Сыртқы саясаты мұрағаты құжаттарындағы Ресей империясының (XVIII ғ.) көшпелілерге қатысты саясаты: деректердің типтік және түрлік сипаттамасы (Кундақбаева Ж.Б.) 224

**IV. КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ БИЛІК
РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ САЛДАРЫ: ДӘСТҮРЛІ
ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ КҮЙРЕУІ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ 261**

- 4.1. Дәстүрлі шаруашылық ырғағы: өткені және бүгінгі күнгі сипаты (түйе шаруашылығы мысалында) (Картаева Т.Е.) 261
- 4.2. Кеңестік күштеу саясаты салдарының әлеуметтік-демографиялық аспектілері (Уразбаева А.М.) 284
- 4.3. Кеңестік тоталитарлық биліктің Қазақстанда қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарын жоюға бағытталған шаралары (Қаражан Қ.С.) 295
- 4.4. 1920-1930 жж. большевиктердің қазақ қоғамындағы дәстүрлі гендерлік тәртіпті құрту үдерісіндегі әдістері мен мақсаттары (Құндақбаева Ж.Б.) 311
- 4.5. Кеңестік тоталитарлық жүйенің қазақ даласындағы ұлттық территориялық межелеу процесінің құқықтық нормалары және жергілікті саяси элита қызметі (Хасанбаева Л.М.) 328
- 4.6. Кеңестік шаруашылықты-саяси науқандарда ауқатты шаруалар және жекешелер қожалықтарын күйрету (Қозбақова Ф.А.) 350
- 4.7. XX ғасыр басындағы қазақ көшпелілерінің қасіреті (Омарбеков Т.О.) 371
- Қорытынды 398

Ғылыми басылым

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІ
ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ**

4 том

Орталық Азия көшпелілерінің
дәстүрлі өркениетінің өркендеуі және күйреуі

Монография

Редакторы А. Хасанқызы
Компьютерде беттегендер Г. Шаққозова, А. Қалиева
Мұқабасын безендірген А. Қалиева

ИБ №10129

Басуға 28.01.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 25,31 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №4918.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

ӘОЖ 94 (5) (0353)
КБЖ 63.3 (54)
О-72

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*Жұмыс «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы
негізінде Орталық Азияның дәстүрлі өркениеті ғылыми-қолданбалы
зерттеу жобасының қаражаты есебінен шығарылды*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Ж. Абдиров**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **А.Б. Қалыш**

Редакциялық алқа:

Т. Омарбеков (*жауапты ред.*), Г. Хабижанова, Б. Кәрібаев,
Г. Сұлтанғалиева, Б. Сайлан, М. Ноғайбаева

О-72 Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. 4-т. Орталық Азия көшпелілерінің дәстүрлі өркениетінің өркендеуі және күйреуі: монография / жауапты ред. Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 403 б.

ISBN 978-301-04-1599-7 (ортақ)

4-том. – 2016. – 403 б.

ISBN 978-301-04-2507-1 (4 том)

Монографияның 4-томында Орталық Азия және қазақ жеріндегі адам мен табиғат арасындағы байланыс, табиғатты пайдалану қарекеттері, қазақтар және түркі халықтарының мифологиялық дүниетанымы, байырғы тайпалардың аңшылық әдістері, қазақтардың тіршілік қамы жүйесіндегі маңызды фактордың бірі судың адам өмірінде алатын орны, қазақ халқының құдық қазу, шығар орнатудың дәстүрлі технологиясын меңгеру ісіндегі тәжірибесі, көшпелі және отырықшы халықтарының арасындағы этномәдени байланыстар, мәдени ықпалдастық, дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәстүрлі шаруашылықтың ырғағы мәселелері көрініс тапқан. Сондай-ақ кеңестік күштеу саясаты салдарының әлеуметтік-демографиялық аспектілері, кеңестік биліктің ауқатты шаруалар және жекешелер қожалықтарын күйретуі, қазақ даласындағы ұлттық территориялық межелеу процесінің құқықтық нормалары және жергілікті саяси элита қызметі, ашаршылықтың қазақ халқына алып келген зардаптары мен қасіреті мәселелері мұрағаттық деректерге сүйеніп жазылған тарихнамалық талдаулар мен авторлық көзқарастар берілген.

**ӘОЖ 94 (5) (0353)
КБЖ 63.3 (54)**

© Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығы, 2016

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

ISBN 978-301-04-1599-7 (ортақ)

ISBN 978-301-04-2507-1 (IV том)

I

Көшпелі түркілер дүниетанымы жүйесіндегі табиғат пен қоғамның байланыс әлемі

1.1. Ежелгі түркілер ділінің өзекті мәселелері, көшпелі қоғамдардың циклдық дамуындағы рухани дағдарыстар (мәдени-антропологиялық зерттеу)

Этнос ділінің* (менталдығының) ең маңызды құрылым түзетін факторлары ол өмір сүретін аумақтың табиғи-климат жағдайлары болып табылады. Халықтың ділі туралы еңбектерде олар ландшафт немесе жер рухы ретінде сипатталады [1, с.14]. В. Шубарттің пікірі бойынша «жер рухынан халықтың жаны өсіп шығады». Этностың бастапқы әлем картинасы мен өзіне тән психологиясы өзін қоршаған табиғаттан құралады. Сондай-ақ діл (менталдық) қасиеттерінің қалыптасуына шаруашылық жүргізу типі, тарихи жағдайлар, геосаясат және көршілес халықтармен, елдермен қарым-қатынастар, климат өзгерістері және тағы басқа жаһандық әрі аймақтық үдерістер ықпал етеді.

Мыңжылдықтар бойы Еуразия түркілерінің ділі даланың ақжүрек, мінезі ашық, қонақжай, сенгіш, кез келген адамдар-

* «Діл» – халықтың менталитеті, яғни ұжымдық сана-сезімі мен мінез-құлқы, дүниеге көзқарасы, сол сияқты іс-қимыл стереотиптері, әдеттер мен дағдылар жиынтығы.